



4-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

МАКРОЭКОНОМИКА

Өндіріс құнын бақылау: ЖІӨ





Тақырып мақсаты:

- ЖІӨ-ге анықтама беру, ЖІӨ-нің жиынтық табыспен және жиынтық шығыстармен теңдігін түсіндіру;
- АҚШ-тың Экономикалық талдау Бюросы ЖІӨ мен нақты ЖІӨ қалай өлшейтініне түсініктеме беру;
- Нақты ЖІӨ-ді экономикалық әл-ауқат шаралары ретінде пайдалану мен шектеуді түсіндіру.

Бұл тақырыпта сіз Экономикалық талдау Бюросының және экономикалық статистика мамандары ЖІӨ-ді қалай өлшейтінін білетін боласыз. Сондай-ақ ЖІӨ-ді пайдалану және шектеуді қарастырамыз.

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)

Жалпы ішкі өнім - бұл белгілі бір уақыт кезеңінде елде өндірілген түпкі тауарлар мен көрсетілген қызметтердің нарықтық құнын көрсететін негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің бірі. Бұл көрсеткіш төрт сипаттамасы бар:

- Нарықтық құнмен өлшенуі
- Соңғы тауарлар мен қызметтердің болуы
- Ел ішінде өндірілген болуы
- Белгілі бір уақыт кезеңінде өндірілуі

Нарықтық құн бойынша жалпы өндірісті өлшеу үшін, мысал ретінде алатын болсақ, біз алма мен апельсин, компьютерлер мен попкорн өндірісін біріктірейк. Мысалы, өндірістің жалпы көлемі қандай: 100 алма және 50 апельсин немесе 50 алма және 100 апельсин?

1 Алманың нарықтық құны - \$0,1

50 алма – $50 * \$0,1 = \5

1 Апельсиннің нарықтық құны - \$0,2

100 апельсин – $100 * \$0,2 = \$ 20$

50 алма+100 апельсин= $\$5+\$ 20=\25

Сұраққа жауап беру үшін, ЖІӨ-ді олардың нарықтық құны бойынша есептейік, суретте мәліметтер және есептеу жолы көрсетілген. Егер алманың нарықтық бағасы \$0,1 болса, онда 50 алманың нарықтық құны \$5. Егер апельсин бағасы- \$0,2 болса, онда 100 апельсиннің нарықтық құны \$ 20. Өндірісті бағалау үшін нарықтық бағаны пайдалана отырып, біз алма мен апельсинді біріктіріп аламыз. Сонымен, 50 алма мен 100 апельсиннің нарықтық құндарын қосқанда \$25 шығады. Мұндағы, \$25 нарықтық құн бойынша есептелген ЖІӨ болып табылады.

Түпкі, немесе соңғы тауарлар мен қызметтер бойынша ЖІӨ-ді есептеу үшін біз өндірілген түпкі тауарлар мен көрсетілген қызметтерді бағалаймыз. Соңғы тауар немесе қызмет дегеніміз - белгілі бір уақыт кезеңі ішінде соңғы пайдаланушы сатып алатын тауар немесе қызмет. Ол бір фирмада өндіріліп, басқа фирмандан сатып алынып түпкі тауардың немесе қызметтің компоненті ретінде пайдаланылуы аралық тауарға немесе қызметке қарама-қайшы болып келеді. Мысалы, Ford жүк көлігі түпкі, соңғы тауар, бірақ Firestone шинасы аралық тауар болып табылады. iPad-бұл соңғы тауар, бірақ Apple A9X чипі аралық тауар болып табылады.

Егер біз аралық тауарлар мен қызметтердің құнын, түпкі тауарлар мен қызметтер құнына қосатын болсақ, біз бір нәтижені бірнеше рет санайтын едік, бұл мәселе - қосарланған есеп деп аталады. Сондықтан, мысал ретінде қарастырылған Ford жүк көлігінің құны шиналардың құнын қамтиды, ал iPad құны оның ішіндегі чиптің құнын қамтиды.

Кейбір жағдайларда тауар аралық тауар және басқа жағдайларда соңғы тауар болуы мүмкін. Мысалы, жаздың ыстық күні сатып алатын балмұздақ - соңғы тауар, бірақ мейрамхана балмұздақ өндіру үшін сатып алатын және пайдаланатын балмұздақ аралықтауар. Пломбир-соңғы тауар. Сондықтан, тауардың аралық немесе соңғы болуы, оның пайдалану мақсатына байланысты.

Ұсталған тауарды сатып алу - мысалы, ұсталған автокөлікті немесе қайталама нарықтағы үйді сатып алу—ЖІӨ-нің бөлігі емес. Олар ЖІӨ-нің бір бөлігі болып өндірілген жылы болды.

ЖІӨ-де елдің ішінде ғана өндірілетін тауарлар мен қызметтер ғана есепке алынады. Nike Corporation,




американдық фирма Вьетнамда кроссовкалар шығарады және бұл аяқ киімдердің нарықтық құны АҚШ –тың ЖІӨ-нің бөлігі емес, Вьетнамның ЖІӨ бөлігі болып табылады. Жапондық Toyota фирмасы Кентукки штатындағы Джорджтаундағы автокөліктерді өндіреді және бұл өнімнің құны Жапония ЖІӨ-нің бір бөлігі емес, АҚШ-тың ЖІӨ-нің бір бөлігі болып есептеледі.

Берілген уақыт кезеңіндегі ЖІӨ осы уақыт кезеңінің өндіріс құнын өлшейді - әдетте бұл ЖІӨ-нің тоқсандық деректері деп аталатын жылдың төрттен бір бөлігі немесе ЖІӨ-нің жылдық деректері деп аталатын жыл болып табылады.

ЖІӨ және шығыстар мен түсімдердің айналмалы ағыны

ЖІӨ - бұл барлық өндіріс құнының көрсеткіші. Біз бұл шаманы не ЖІӨ-ді өндіру нәтижесінде алынған жиынтық табыс бойынша, не ЖІӨ -ге кеткен жиынтық шығыстар бойынша өлшей аламыз. Жиынтық өндіріс құны мен жиынтық табыс арасындағы теңдіктің маңызы зор, өйткені ол өнімділік пен өмір сүру деңгейі арасындағы тікелей байланысты көрсетеді. Біздің табысымыз ұлғайған сайын, өмір сүру деңгейіміз өседі және біз өзімізге көп тауарлар мен қызметтерді сатып алуға мүмкіндік бере аламыз. Бірақ біз көп тауарлар мен қызметтерді сатып алу мүмкіндігіне ие болу үшін көп тауарлар мен қызметтерді өндіруіміз керек.

Табыстың өсуі және өндіріс құнының өсуі бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл бір құбылыстың екі маңызды аспектісі болып табылады. Келесі келтірілетін мәліметтер арқылы екеуінің өзара байланысын түсінуге болады.



Келтірілген суретте Айналмалы Ағын Моделінің Диаграммасы көрсетілген. Экономика үй шаруашылықтарынан, фирмалардан, үкіметтерден және қалған әлемнен тұрады (тікбұрыштар болып бейнеленген), олар нарықтарда өндіріс, тауарлар және қызметтер факторларын саудалайды. Бірінші кезекте біз үй шаруашылықтары мен фирмаларға назар аударамыз.

Үй шаруашылықтары өндіс факторларын сатады, ал фирмалар факторлар нарығында еңбек, капитал және жер қызметтерін сатып алады. Фирмалар бұл факторлық қызметтер үшін үй шаруашылықтарына кіріс, еңбек қызметтері үшін жалақы, капиталды пайдаланғаны үшін пайыздар және жерді пайдаланғаны үшін жалдау ақысын төлейді. Өндірістің төртінші факторы да, кәсіпкерлік, пайда табады.

Фирмалардың бөлінбеген пайдасы – үй шаруашылықтары арасында бөлінетін пайда емес – бұл үй шаруашылықтары табысының бір бөлігі болып табылады. Бөлінбеген пайданы үй шаруашылықтары сақтайтын және фирмаларға қарыз беретін пайда деп есептеуге болады. Жоғарыда келтірілген суретте U белгісі бар Көгілдір ағын түрінде, үй шаруашылықтары алатын жалпы табыс - жиынтық табыс, сонымен қоса бөлінбеген пайда бейнеленген.

Фирмалар дайын өнім сатады, ал үй шаруашылықтары тауарлар нарығында тұтыну тауарлары мен қызметтерді сатып алады. Бұл тауарлар мен қызметтер үшін жалпы төлем және ол C белгісі бар қызыл ағынмен көрсетілген тұтыну шығындары болып табылады.

Фирмалар компьютерлік жүйелер, ұшақтар, жүк машиналары және құрастыру жабдықтары сияқты жаңа капиталды жабдықтарды—тауарлар нарығында сатып алады және сатады. Фирмалардың кейбір өндірілген



игіліктері инвентарға қосылып, сатылмайды. Мысалы, General Motors 1000 автомобиль шығарады және олардың 950-ін сатса, қалған 50 автомобильдер, 50 автомобильге ұлғайтылатын сатылмаған автомобильдер инвентарына қосылады. Фирма сатылмаған өнімді запасқа қосқан кезде, бізге фирма өзінің тауарларын өзі сатып алғандай ой келеді. Жаңа қондырғыларды, жабдықтар мен ғимараттарды сатып алу, сондай-ақ запастарды толықтыру I белгісі бар қызыл ағынмен көрсетілген инвестициялар болып табылады.

Мемлекет фирмалардан тауарлар мен қызметтерді сатып алады және ол жоғарыда келтірілген Айналмалы Ағын Моделінің Диаграммасында G белгісі бар қызыл ағыны ретінде көрсетілген мемлекеттік шығындар деп аталады.

Мемлекет өз шығыстарын салықтар есебінен қаржыландырады және үй шаруашылықтарына әлеуметтік жәрдемақылар мен жұмыссыздық жәрдемақылар сияқты қаржы трансферттерін жүзеге асырады, сондай-ақ фирмаларға субсидиялар береді. Бірақ салықтар мен қаржылық аударымдар шығыстар мен табыстардың айналмалы ағынының бөлігі болып табылмайды.

Қалған әлем, мұнда экспорт, импорт түсініктемелері қарастырылады, яғни фирмалар тауарлар мен қызметтерді қалған әлемге сатса — бұл экспорт болады, ал тауарлар мен қызметтерді керісінше басқа әлемнен сатып алса – бұл импорт деп аталады.

Экспорт құны (X) мен импорт құнының (M) айырмасы таза экспорт деп аталады, ол Айналмалы Ағын Моделінің Диаграммасында X-M белгісі бар қызыл ағынмен көрсетілген. Егер таза экспорт оң болса, онда таза ағын фирмалардан қалған әлемге барады. Егер таза экспорт теріс болса, таза ағын керісінше қалған әлемнен фирмаларға барады.

ЖІӨ-де жиынтық табыс жиынтық шығынға тең. Жалпы ішкі өнім екі тәсілмен есептелуі мүмкін: тауарлар мен қызметтерге кеткен жиынтық шығындармен немесе тауарлар мен қызметтерді өндіруден алынған жиынтық табыспен.

Жиынтық шығындар - бұл 2 суреттегі қызыл ағындардың сомасы. Жиынтық шығындар тұтыну шығындары, инвестициялар, мемлекеттік шығындар және таза экспортқа тең.

Жиынтық табыс - түпкі тауарлар мен қызметтерді өндіру үшін пайдаланған өндіріс факторлары қызметтері үшін төленген жалпы сомаға, яғни жалақыға, процентке, рентаға және пайдаға тең. Айналмалы Ағын Моделінің Диаграммасында көк ағын жиынтық табысты көрсетеді. Фирмалар өз өнімдерін сатудан алынған барлық кірістерін факторлар нарығының табысы ретінде (бөлінбеген пайданы қоса алғанда) жұмсағандықтан, жиынтық табыс (көк ағын) жиынтық шығыстарға (қызыл ағын сомасына) тең болады.

Яғни,

$$Y = C + I + G + (X - M).$$

Айналмалы Ағын Моделінің Диаграммасы келтірілген суреттегі кестеде 2016 жылдың әрбір шығын құнын көрсетеді және олардың сомасы \$ 18,569 млрд құрайды, бұл сондай-ақ жиынтық табыс болып келеді.


Жиынтық шығындар жиынтық табысқа тең болғандықтан, ЖІӨ-ді өлшеудің екі әдісі бірдей жауап береді. Сонымен, ЖІӨ жиынтық шығындар мен жиынтық кірістерге тең болады.

Айналмалы ағындардың моделі ұлттық экономикалық шоттарды құруда негіз болып табылады.

АҚШ-тың Экономикалық Талдау Бюросы (ЭТБ) ұлттық шоттарындағы кірістер мен өнімдердің ЖІӨ-і мен оның компоненттерін өлшеу үшін Айналмалы ағындар моделінің тұжырымдамасын пайдаланады. Жиынтық өндірістің құны жиынтық шығындармен жиынтық кірістерге тең болғандықтан, ЖІӨ-ді есептеудің екі тәсілі бар және екеуі де қолданылады. Олар:

- Шығындар бойынша
- Табыс бойынша

ЖІӨ-ді шығындар тәсіліне сәйкес, тұтыну шығындарының (C), инвестициялардың (I), тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге кеткен мемлекеттік шығындардың (G) және таза экспорттың (X-M) сомасымен өлшенеді. Бұл шығындар тауарлар нарығы арқылы қызыл ағындарға сәйкес келеді. Айналмалы Ағын Моделінің Диаграммасында және 2016 жылғы мәліметтер көрсетілген кестеде осы шығындар мен ЖІӨ бейнеленген.



Жеке тұтыну шығындары суретте С белгісі бар қызыл ағын үй шаруашылықтарының және басқа әлемде өндірілген тауарлар мен қызметтерге кеткен шығындар болып табылады. Олар газдандыру және кітаптар сияқты тауарларды және банк жұмыстары мен заң кеңестері сияқты қызметтерді қамтиды. Олар сондай-ақ теледидарлар мен микротолқынды пеш сияқты ұзақ пайдаланылатын тұтыну тауарларын сатып алуды қамтиды.

1 кесте. ЖІӨ: шығындар бойынша

Атауы	Белгісі	2016 жылғы сома (млрд доллар)	ЖІӨ %
Жеке тұтыну шығындары	C	12,758	68.7
Жалпы жеке ішкі инвестициялар	I	3,036	16.3
Мемлекеттік шығындар	G	3,277	17.7
Таза экспорт	X-M	-502	-2.7
Жалпы ішкі өнім	Y	18,569	100.0

Жоғарыда келтірілген 1-ші кестеде көріп отырғанымыздай Шығындар тәсілімен өлшенетін ЖІӨ \$18,569 млрд. доллардың жеке тұтыну шығындары жиынтық шығындардың үштен екі бөлігін құрайды. Бірақ Экономикалық Талдау Бюросы (ЭТБ) жаңа үйлерді сатып алуды тұтыну шығындарына қоспайды, оны инвестициялар бөлігі деп санайды.

Жалпы жеке ішкі инвестициялар суреттегі I белгісі бар қызыл ағын фирмалардың капиталды жабдықтар мен ғимараттарға кеткен шығындары және тауарлық- материалдық запастарға толықтырулары болып көрсетіледі. Ол сондай-ақ үй шаруашылықтарының жаңа үйлерді салуға кеткен шығындарын қамтиды.

Мемлекеттік шығындар суреттегі G белгісі бар қызыл ағын, мемлекеттің барлық деңгейлерінің Ұлттық қорғаныс және қоқыс жинау сияқты тауарлар мен қызметтерге кеткен шығындары. Олар әлеуметтік, жұмыссыздық бойынша берілетін жәрдемақылар сияқты трансферттік төлемдерді қамтымайды, өйткені олар тауарлар мен қызметтерге кеткен шығындар болып табылмайды.

Таза экспорт суреттегі X-M белгісі бар қызыл ағын, жалпы экспорт құнынан импорт құнын алғандағы айырмасы. Бұл тармақ, мысалы, Boeing British Airways (АҚШ экспорты) сататын ұшақтардың құнын және Sony (АҚШ импорты) сатып алатын жапондық DVD-плеерлердің құнын қамтиды.

ЖІӨ-ді табыс тәсілі бойынша фирмалар үй шаруашылықтарына өндіріс факторларының қызметтері үшін төлейтін табыстарды жинақтау жолымен өлшенеді, олар жалға алу, еңбек үшін жалақы, капитал үшін пайыз, жер үшін рента және кәсіпкерлік үшін пайда табыстары болып табылады. Бұл табыстар айналмалы ағын моделіндегі факторлар нарығы арқылы көк ағындарға сәйкес келеді және де 2-ші кестеде 2016 жылғы осы табыстар мен ЖІӨ көрсетілген. Қызметкерлердің сыйақысы – бұл еңбек табысы - бүгінгі күні жиынтық табыстың ең ірі құрамдас бөлігі болып табылады.




2 кесте. ЖІӨ: табыс бойынша

Атауы	2016 жылғы сома (млрд. доллар)	ЖІӨ %
Қызметкерлердің еңбек ақысы	10,085	54.3
Таза пайыз	676	3.6
Ренталық кіріс	705	3.8
Корпорацияның пайдасы	1,676	9.0
Меншік иелерінің кірістері	1,418	7.7
Факторлық құн бойынша таза ішкі табыс	14,560	78.4
Субсидияларды шегергендегі жанама салықтар	1,336	7.2
Нарықтық бағадан таза ішкі табыс	15,896	85.6
Амортизация	2,910	15.7
ЖІӨ (табыс бойынша)	18,806	101.3
Статистикалық айырмашылық	-237	-1.3
ЖІӨ (шығындар бойынша)	18,569	100.0

Сонымен, 2-ші кестедегі 2016 жылғы мәліметтерде табыстар тәсілімен өлшенетін ЖІӨ \$ 18,806 млрд. құрады.

Қызметкерлердің жалақысы келесі суретте W белгісі бар көк ағын, еңбек қызметін төлеу болып табылады. Ол қызметкерлердің кірістерінен ұсталатын салықтарды, сондай-ақ еңбекақы мен Әлеуметтік қамсыздандыру және зейнетақы қорына аударатын жарналар сияқты қосымша жәрдемақылардан кейін алатын таза жалақыны қамтиды. Бұл тармақ жалпы табыстың 50 пайызынан астамын құрайды.



Таза пайыз, жалға беруден түскен табыс, корпоративтік пайда және меншік иелерінің табысы капитал мен жер арқылы өндіріледі. Бұл барлық факторлық табыстар суреттегі көк ағын түрінде көрсетілген.

Факторлық табыстар түпкі өнімді өндіру үшін пайдаланылатын өндіріс факторларының құнын білдіретін факторлық құн бойынша таза ішкі табыстан жинақталады. Түпкі тауарларға кеткен шығындар жанама салықтар мен субсидияларға байланысты факторлық бағадан ерекшеленетін нарықтық бағалар бойынша бағаланады.

Жанама салық – бұл салық, мысалы, сату салығы немесе бензин салығы. Нарықтық баға жанама салықтарды қамтиды, сондықтан факторлық бағадан асады. Субсидия - бұл мемлекеттен қайтарымсыз берілетін төлем, мысалы, фермаға, өндірушілерге мемлекет субсидия бөледі. Субсидиялар нарықтық бағаны факторлық шығындарға қарағанда төмендетеді.

Факторлық табыстардың сомасы факторлық құн бойынша есептелген таза ішкі табысқа тең. ЖІӨ-ді факторлық құн бойынша таза ішкі табыс және жанама салықтар мен амортизация қосындысынан субсидияларды шегергендегі теңдік арқылы есептеуге болады. Бұл формула келесідей бейнеленеді.



**ЖІӨ= факторлық құн бойынша таза ішкі табыс +
жанама салықтар - субсидиялар + амортизация**

Факторлық шығындардан нарықтық бағаға өту үшін біз жанама салықтарды қосып, субсидияларды шегеріп, нарықтық баға бойынша таза ішкі табысты аламыз.

Енді біз табыс тәсілін пайдалана отырып, ЖІӨ-ге келдік. Бұл 2-ші кестедегі ЖІӨ-нің табыс тәсілімен есептелген нәтиже, шығындар тәсілімен есептелген нәтижемен сәйкес келмейді, өйткені барлық сандарды жинақтап бағалауда статистикалық алшақтық деп аталатын ауытқу орын алады. ЖІӨ-нің екі көрсеткіші арасындағы статистикалық алшақтық ешқашан үлкен болмайды. 2016 жылы ол ЖІӨ-нің 1,3 пайызын құрады.